

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 917 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 410 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.02. N 496 (2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау әрі дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестері туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 917 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 27, 303-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау әрі дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестері туралы үлгі ережеде: кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары құратын Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау әрі дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестерінің (бұдан әрі - Сарапшылық кеңестері) қызметін белгілейді." ;

5-тармақтың бірінші абзацы "және оған осы органның бірінші басшысы басшылық жасайды" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі